

<i>Ортаңғы топ.</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№17				
<i>Күндері</i>	20 -24.12.2021				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Қыс қызығы				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Курманбаева Ж.К.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; "Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұнғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне қуыршақтың киімдерін жуу кезінде көмектесуге үйрету, жұмысты бастамас бұрын (жуу) арнайы жұмыс алжапқыштарын киюге, жууға және кептіруге қажетті барлық керек-жарақтарды, өз жұмыс орнын дайындауға, барлық қажетті құралдар мен материалдарды қолдана білуге үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Бұл қашан болады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға жыл мезгілдерін толық ажырата білуге, жыл мезгілдеріндегі әртүрлі өзгерістерді ажыратуға, суреттер бойынша жұмыс жасай білуді үйрету. Сөздік қорларын байыту.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күн шуағын жинаймын. Достарыма сыйлаймын. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз". Мақсаты. Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Педагог қандай да бір қимылды көрсетеді, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз". Мақсаты. Педагог балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ біраз өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсынады.	Саусақ жаттығуын айтқызу. Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету), Ұшып барады, асықпай (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату). Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау), Айналып, солға ұшып (қолдармен екінші жаққа бұраңдау). Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру), Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу).
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар Апам үшін күнде мен, (әндете) Отынға ағаш жарамын. (ағаш жарғандай) Су құямын гүлге де, (гүлге су құйғандай) Дүкенге де барамын. (қолдарына сөмке ұстап жүру) Сыпырамын үй үшін, (сыпырғандай) Жуам ыдыс, табакты. (ыдыс жуғандай) Жылай қалса бөпемді, (бөпені ұстағандай) Жұбатамын ойнатып. (қолдарын шапалақтайды)				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану кезінде балалармен әңгімелесу. Ең бастысы әңгімелер оқыту немесе тәрбиелеу сипатында болмауы керек. Мысалы, ішіп отырған тамақтың атын және неден жасалғанын,оның пайдасы туралы, балаларға не ұнайтыны туралы сұрау; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

Ойындар, оқу қызметіне дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Қуыршақ Дананы серуенге шығару" тақырыбына әңгімелесу. Мақсаты. Балалармен қысқы киімдер жөнінде әңгімелесу, сөздік ойын барысында адамның қыста киіну тәртібінің ерекшеліктерін көрсету. <i>Сөздік ойын. "Нені қайда кию керек?".</i> Сурет салу "Аққала". Мақсаты. Балаларды тіке жатқан қағаз бетінің ортасына көк қарындаш арқылы аққала бейнесін салуға үйрету; сурет салуда үлкен, кішкентай дөңгелектерді қатарымен іргелес салып, бейнені қосымша детальдармен толықтыруда	Музыка "Аққала". Мақсаты. Балаларды шулы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру. <i>"Қасықтар" ойыны.</i> Математика негіздері "Қардан мұнараларды салайық". Мақсаты. Балаларды екі қарама-қарсы	Көркем әдебиет "Шұбар тауық" ертегісі. Мақсаты. Балаларды ертегіні зейін қойып, аяғына дейін тыңдауға үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Алтын жұмыртқа".</i> Дене шынықтыру "Қалай сырғанайтынымызды көрсетейікші". Мақсаты. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру. <i>"Секірейік,</i>	Құрастыру "Төбешіктен сырғанайық". Мақсаты. Балаларды, текшелерді бірінің үстіне бірін қою, екі қарама-қарсы жақтан тағы бір текшені және призманы жаққа салып, тіреу амалдарын машықтандыру, төбешікті жасауға үйрету. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> Музыка "Қыс әні". Мақсаты. Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. <i>"Көңілді қасықтар" ойыны.</i>	Жаратылыстану "Тиін". Мақсаты. Балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; тиіннің сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жанды табиғатқа қызығушылықтары мен бастамаларын және жауапкершіліктерін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру. <i>"Тиіннің тамағын тап" дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Қыста дөңнен сырғанаймыз". Мақсаты. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты

	жаттықтыру; үлкен және кішкентай дөңгелектерді аққаланың денесі мен басы деп тануға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы. "Аққала".</i> Дене шынықтыру "Сырғанамаймыз шанамен". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүруге үйрету. <i>"Чемпион" қимылды ойыны.</i>	заттарды биіктігі мен ені бойынша тұастастырып, салыстыруға, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; заттардың ұзын немесе қысқа, кең немесе тар екенін тұастастыру және бірліктердің (кірпіштердің) сандарына қарап салыстыруда жаттықтыру; есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеуді, зейінді, ой өрісін дамыту. <i>Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы. "Кең және тар жсолақтар".</i>	<i>шаршамайық" қимылды ойыны.</i> Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы: «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге тоймайды». Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл-күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрыс орындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. Кейіпкер образын көрсете білуге, композиция құрауға үйрету, ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру.	өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру іскерліктерін жетілдіру. <i>"Жалаушаны әкел" қимылды ойыны.</i>
--	--	---	---	---

Серуен	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтешесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату.				
Серуеннен оралу					
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	Драматизация. "Шұбар тауық" ертегі желісін саусақ театрын пайдалана отырып сахналау.	"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: педагог кезекпен балаларға допты лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қандай да бір дауыс беретініне жауап беруі керек: Сиыр - мөңіреді, Жолбарыс - ақырады, Жылан - ысылдайды, Маса - ызындайды, Ит - үреді, Қасқыр - ұлиды, Мысық - мияулайды, Шошқа - қорсылдайды.	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын. Мақсаты: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады.	Сюжеттік ойыншықтармен ойнау. Ертегі оқу. Үстел үсті театры.	"Көрнекі ғимарат" құрылыс ойыны. Текшелерден көрнекі ғимарат құрастыру.

Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім көп таспа жинайды?", "Көбелектер мен бақалар" (мөлшері 2-3 рет). Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.	Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ". Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста.	Суреттер қарастыру. Мақсаты. "Қыс" мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру.	"Қар" тақпағын айтқызу. Мақсаты. Бала тілін дамыту. "Қар" (Тілеген Шопаев) Жауды міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркеп белдердің. Жастық етіп тауды асқақ Жантайыпты жамбастап. Жантайыпты жамбастап.	Суреттер қарастыру. Мақсаты. "Қыс қысығы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және толық жауапты талап ету.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	Психолог кеңесі. "Баланың тілін қалай дамытамыз?"	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?"

